



Бекітетін: *[Signature]*

Мектеп директоры: Д.М. Елғоңдина
«*28*» *тамыз* 2021 ж

Тексерілді: *[Signature]*

ОІЖО: М.Б. Желдибаева
«*28*» *тамыз* 2021 ж

Әдістемелік бірлестікте қаралды: *[Signature]*

Ә/Б жетекшісі: Ә.Е. Ақылбекова
«*28*» *тамыз* 2021 ж

Перспективалық күнтізбелік жоспар

(Мектепалды даярлық сыныбы)

Көркем әдебиет

Сынып жетекшісі: Желдибаева Марфуға Бактыгулкызы

2021-2022 оқу жылы

Көркем әдебиет

Түсінік хат

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жана методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген).

Максаты: тілге, көркем сөзге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- көркем әдебиеттің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру;
- түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды тыңдай білу қабілетін дамыту;
- әдеби шығармаға эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру;
- әдептілік біліктері және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Көркем әдебиет.

№	Өтпелі тақырыптар	ҮОК-нің тақырыбы	Мақсаттары	Сағат саны	Уақыты
1	«Мен кімін және қандаймын?»	Білімнің бұлағы	Балаларға білім күні туралы түсінік беру. Оқусыз білім жоқ сөзінің мағынасын ұғындыру. Оқуға деген қызығушылықтарын дамыту. Балабақшалдағы тәрбиеші және басқала қызметкерлерді құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	6.09
2		Театр әлемінде	Балаларға театр түсінік беру. Олардың түрлерімен таныстыру. Өнерге деген қызығушылықтарын ояту.	1	13.09
3		Кішкентай бағбан	Әңгімені оқып беріп, түсінік айту. Балаларға бағбан сөзінің мағынасын түсіндіру. Әңгімені өз сөздерімен айта білуге дағдыландыру. Еңбекке қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын молайту. Суретке қарап әңгіме құрастыра алуға тәрбиелеу.	1	20.09
4		Мақтаншак қоян	Ертегіні оқып беру. Ертегі желісі бойынша көрініс көрсете білуге тәрбиелеу. Жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын молайту.	1	27.09
5	«Мектепке не үшін барамыз?»	Шаруа мен аю	Ертегіні оқып беру. Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс аша білуге дағдыландыру. Ертегіні мазмұнын бұзбай айта білуге тәрбиелеу. Өз ойларымен ертегі құрастыра алуға қызығушылықтарын ояту.	1	4.10
6		Түлкі мен тырна	Саусак қимылдарын жасай білуге деген қызығушылықтарын туғызу. Ертегі кейіпкерлерін баланың саусағына кигізіп кейіпкердің дауыс ырағын салғызу.	1	11.10
7		Менің ойыншықтарым	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру. ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстай білуге тәрбиелеу. Өз ойыншықтары туралы әңгіме құрастырып, айтуға дағдыландыру.	1	18.10
8		Тегін сыйлық	Кейіпкерлерді қимылдарын көрсете отырып, ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға үйрету.	1	25.10
9	«Менің айналада кімдер бар?»	Мақтақыз бен мысық	Ертегіні оқып беру. Ертегідегі кейіпкерлердің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру. Достық туралы ұғымды түсіндіру. Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ертегіні дұрыс айта білуге тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорларын молайту.	1	08.11
10		Үйшік	Ертегі желісі бойынша көрініс көрсете білуге деген қызығушылықтарын туғызу. Балаларды ертегінің аяғына дейін ынтамен қызыға тындауға үйрету.	1	15.11

11		Әлептілік әлемі	Әлептілік әлемі туралы түсінік беру. Әлепті болу әр адамның өз қолында екенін түсіндіру. Үлкендерге, кішілерге көмек беруге тәрбиелеу. Әлепті адам көрікті көрінетіні туралы ұғындыру. Жақсы сөздерді жиі айта білуге дағдыландыру. Әлептілікті әркез жасай білуге тәрбиелеу.	1	22.11
12		Ақылды лак	Тәрбиешімен бірге ертегіні мазмұндай отыра кейіпкерлердің мінез – құлықтарын дауыс ырғағы арқылы көрсету. Ертегі ретіне сай дайындаған диалог театры қолдана отырып мазмұндау.	1	29.11.
13	«Менің айналамды не қоршап тұр?»	Тәуелсіз Қазақстан	Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру. Тәуелсіз сөзінің мағынасын түсіндіру. Тәуелсіздік онайлықпен келмегені туралы ұғындыру. Ел батырларының батырлығын құрметтей білуге тәрбиелеу. Өз елінің тілін, рәміздерін дұрыс айта білуге білімдерін кеңейту. Өлеңді дұрыс айта білуге тілін дағдыландыру.	1	06.12
14		Қойшы, түлкі және аю	Саусак қимылдары арқылы ертегіні сахналау, тілдерін жаттықтыру.	1	13.12
15		Мысық, ағаш және түлкі	Ертегіні оқып беру. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру. Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу. Қызығушылықтарын арттыру.	1	20.12
16		Күнді іздеген достар	Ертегі кейіпкерлерінің эмоцияларына ене отырып, сахналауға үйрету.	1	27.12
17	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	«Жаңа жыл келді»	Жақсылық, мейрімділік құндылықтары туралы білімдерін тереңдету. Бір-біріне жақсылық ойлауға, жақсы тілектер айтуға баулу.	1	10.01
18		Шұбар тауық	Балаларға ертегіні театр арқылы сахналауды үйрету. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру.	1	17.01
19		Б.Әбділовтің «Жақсы мен жаман» әңгімесінің мазмұнын айту	Өлеңді оқып беру. Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту. Қызығушылығын арттыру.	1	24.01
20		Қарлығаш пен дәуіт	Ертегіні сахналай алуға үйрету. Балаларды өздерін еркін ұстай отырып, әртістік қабілеттерін ояту. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ойнай білуге дағдыландыру. Ертегі кейіпкерлер арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу.	1	31.01
21	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Бір уыс мақта	Әңгімені оқып, түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуға білімдерін кеңейту. Әр заттың пайдасы болатыны туралы түсінік беру. Әңгіме құрастыра айтуға білуге қызығушылықтарын арттыру. Мақтаның пайдасы туралы түсінік	1	14.02

22		Ұр,тоқпақ	Балаларға ертегіні көлеңке театры арқылы сахналауды үйрету. Еңбекқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру	1	21.02
23		Әже	Әже сөзі туралы түсінік беру.Әжесінің отбасында алар орны бөлек екенін ұғындыру.Әжесі туралы әңгімелеп беруге сөздік қорларын молайту.Үлкендерге қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1	28.02
24		Досыңа серік бол	Достық сезімді қолдану арқылы ертегімен таныстыру балаларды тыңдай білу,әңгімелей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту.Үлкендерлі тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.	1	7.03
25	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Өз наурызым,Армысың!	Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының жана жылы туралы білімдерін кеңейту.Өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей білуге тәрбиелеу.Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту.	1	14.03
26		Арыстан мен тышқан	Ертегімен таныстыру. Балалардың қызығушылықтарын ояту. Ұжымда бірлесе отыра бір ертегіні кішкентай сахналық қойылым көрсете білуге баулу.	1	4.04
27		Татар ұлтының «Үш қыз» ертегісін оқу. Мазмұнын әңгімелеу.	Татар, шешен халықтарының ұлттық салт-дәстүрімен таныстыру. Қазақ салт-дәстүрімен салыстырып, айырмашылықтарын ажырата білуге жаттықтыру. Өзге ұлт өкілдерін сыйлауға тәрбиелеу.	1	11.04
28		Ақымақ қасқыр	Кейіпкерлерді қимылдата отырып ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез құлқына сипаттама беруге үйрету.	1	18.04
29	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Мен ғарышкер боламын	Ғарышкер туралы түсінік беру.Ғарыш әлемінің кереметтерімен таныстыру.Ғарышкерлер ді құрметтей білуге тәрбиелеу.Ғарыш туралы білімдерін кеңейту.	1	25.04
30		Мысық,әтеш және түлкі	Кейіпкерлердің бейнесін өз беттерімен айтуға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез құлқына сипаттама беруге үйрету.	1	2.05
31		Достық мерекесі	Достық мерекесі туралы түсінік беру.Ғаламда көптеген ұлттар тұратыны туралы түсінік беру.Әр ұлты дос деп қабылдау керек туралы білімдерін кеңейту.Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту.	1	10.05
32		Алдаркөсе мен шықбермес Шығайбай	Ертегімен таныстыру. Үстел үсті театры арқылы сахналауды үйрету.	2	16,23.05